

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1935 жылғы
20 наурыздан шығады

Газет айына екі рет шығады

№3 (3486), 14 ақпан, 2017 жыл

Еркін баға

• **Ұстаздардың ұстазы**



Алматы облысы.

Талғар ауданындағы №35 мектепте оқушыларға уақыт талабына сай білім мен тәрбие беру ісінде жетістіктер мол. Бұл салада мектеп ұжымы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» қыруар істерді тындыруда. Білгір де тәжірибелі басшы **НУРБАТЫРОВА Айтжамал Абдрешқызының** арқасында оқуда да, тәртіп-тәрбиеде де жетістіктер мол.

Суретте:

Мектеп директоры
НУРБАТЫРОВА Айтжамал Абдрешқызы.

ЭКСПО – 2017

Қазақстанда білім алады

Германия студенттері «ЭКСПО – 2017» аясында Қазақстанда білім алмақ. Мұндай мүмкіндік DAAD ұйымы жүргізген байқаудан соң беріліп отыр. Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында осынау құрметті құқыққа Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті ғана ие болып отыр. Бұл таласқа Шығыс Еуропа, ТМД және Балтық елдерінің жоғары оқу орындары да түскен болатын. «DAAD жазғы мектебін» өткізу құқығына Эстония, Хорватия, Әзірбайжан, Словения және Украина жоғары оқу орындары ие болды. «Сабақ шетелдік студенттер үшін үш апта бойы өтеді және үш кезеңнен тұрады, - дейді Жер ғылымы туралы факультеттің деканы Талант Рыспаев, - Бірінші апта – біздің университеттегі «Болашақ энергия: ЭКСПО – 2017

көрмесі аясындағы Қазақстанның энергетикалық индустриясының мүмкіндіктері» атты тақырыпта теориялық семинарларға қатысу. Кейін олар Астанаға барып, «ЭКСПО кезінде экспозициялармен бір апта бойы танысады. Үшінші аптада студенттер Шығыс Қазақстан облысы кәсіпорындарында, соның ішінде Бұқтырма ГЭС-да тәжірибеден өтеді».

Германияның DAAD академиялық алмасулар қызметі – студенттер мен ғылыми қызметкерлерді халықаралық алмасуды қолдайтын ең ірі ұйымдардың бірі. Мысалы, 2015 жылы DAAD Германияның 239 жоғары оқу орнын және 122 студенттік ұйымын біріктірді. Шетелде, соның ішінде Қазақстанда оның 15 өкілдігі, 55 ақпараттық орталығы бар.

Жасұлан ЖОЛДЫБАЕВ.

ЭКСПО – мақтанышымыз!

Осындай тақырыпта Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Шетпедегі Маңғыстау техникалық колледжінде үстіміздегі жылдың шілде-қыркүйек айларында елордамыз Астана қаласында өтетін Халықаралық «ЭКСПО – 2017» шарасына арналған басқосу өткізілді.

Басқосуға орталық басшысы А.Қонарбаев, директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары Балжақсы Шанкенова, колледж жанындағы Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы А.Сейілханов және комитет мүшелері мен Еріктілер тобының белсенділері, колледж студенттері, ұстаздары қатысты.

Жиында А.Қонарбаев әлемдік деңгейде жоғары орын алатын шараның маңыздылығына тоқталып: «ЭКСПО бұл ТМД елдері ішінде тұңғыш рет Қазақ елінде өткелі тұр. Бұл біз үшін зор мәртебе, жоғары абырой. Бұл Елбасының сарабал саясатының жемісі. Сондықтан ол ортақ мақтаныш», - деді.

Бұдан соң Б.Шанкенова «ЭКСПО біздің жоғары беделіміз» тақырыбында баяндамасын жасады. Жастар жиында ЭКСПО-ға қатысты сауалдарын қойып, жауаптарын алды.

Шара соңында ЭКСПО туралы деректі фильм көрсетілді.

Дүйсенбек ҚОЗЫБАҚОВ.

Маңғыстау облысы.

Мамандықтың бәрі жақсы

Жүргізуші куәлігін алады

Павлодарда биыл оқу жылы аяқталысымен 32 мектепте 11-сыныптың 899 оқушы аттестатпен бірге жүргізуші куәлігін алып шығады. Олардың 469-ы ұл бала болса, 420-ы – қыздар. Бұл туралы қалалық білім беру бөлімі басшысының орынбасары Галина Шиндлярская мәлім етті.

«№ 1 оқу-өндірістік комбинатының материалдық-техникалық базасы толық сақталған. Жол қозғалысы ережесі бойынша сегіз кабинет, алғашқы медициналық көмек көрсететін екі кабинет жұмыс істейді. Автомобиль паркінде жеті жеңіл көлік пен төрт жүк көлігі бар. Оқыту үрдісі кезінде оқушыларға көлік құралдарын жүргізуді 12 ұстаз үйретеді. Олардың барлығы арнайы курстан өткен және куәліктері мен жоғары техникалық білімі бар. Оқу “В” санатындағы көлік құралдары жүргізушілерін дайындау бойынша технология пәні есебінен жүргізіледі. Құрсты сәтті аяқтап, емтихан тапсырғаннан кейін жүргізуші куәлігі

беріледі. Бұдан әрі түлектер мемлекеттік автоинспекциясында емтихан тапсырады да жүргізуші құқығына ие болады», - дейді Галина Шиндлярская.

Статистикаға сүйенсек, соңғы бес жылдың ішінде 3000-нан астам оқушыға жүргізуші куәлігі табысталған. Мәселен, 2013 жылы 905, 2014 жылы 800, 2015 жылы 655, 2016 жылы 689 түлек көлік жүргізуді меңгерген. Бұл оларға 18 жасқа толғаннан кейін көлік құралын басқару құқығын береді. Еске сала кетейік, ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев 2017 жылдан бастап елімізде оқушылар алғашқы әскери дайындық сабағында көлік жүргізіп үйренетіні туралы айтқан болатын. Мұндай жаңашылдық көшелерде баланың жарақаттану оқиғаларын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ұсынысты Қорғаныс министрлігі де мақұлдаған.

3



Өткеннің озығынан келешектің кемеліне

4



Өнегелі өмір

Оқушылардың



дүниетанымын кеңейтеді

6

ҚР Білім және ғылым министрлігінде

Сабақтар ағылшын тілінде жүргізіледі

Қызылордадағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемовтің төрағалығымен Қамқоршылық Кеңестің отырысы өтті. Отырыста Қызылорда қаласы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры, қамқоршылық Кеңестің мүшесі Бахыт Жұматай мектепте атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Даму стратегиясына сәйкес зияткерлік мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық мақсаттары мен бағыттарына және мектептегі білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне тоқталды. Сондай-ақ, ол мектеп түлектерінің шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарына түсу деңгейіне және таңдаған мамандықтарына талдау жасады. Зияткерлік мектепте жүргізілген «Қазақтың 100 әні», «100 кітап» секілді түрлі жобаларды таныстырып, мектеп оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейіне тоқталды.

- Атқарылған жұмыстар өте ауқымды, дегенмен алдағы уақытта мектептің дамуына бағытталған жұмыстар жалғасын табады. Мектеп ауласын көгалдандыру, оқушылармен бірлесіп жылыжай салу, электр энергиясын үнемдеу және қоқыстарды өңдеу жобаларын іске асыру жоспарда бар. Бұл жобаларды кезекті отырыста қамқоршылық Кеңестің назарына ұсынатын боламыз, - деді Б.Жұматай. Облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов 2019 жылдан бастап облыстағы 75 мектепте сабақтар ағылшын тілінде жүргізілетінін мәлімдеді. Осы орайда, бүгінде жаратылыстану мен техникалық бағыттағы пән мұғалімдерінің тілдік дағдыларын арттыруда және біліктіліктерін жоғарылатуда Назарбаев

зияткерлік мектептерінің үлес қосуға мүмкіндіктері мол.

- Назарбаев зияткерлік мектептерінде оқушылар қазірден бастап көптеген пәндерді ағылшын тілінде меңгеріп жатыр. Ол үшін мұнда барлық мүмкіндік жасалған. Осыған сүйене отырып, Назарбаев зияткерлік мектебі облыстық білім басқармасымен бірлесіп, әлеуметтік жоба дайындап, аймақтағы жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған ашық семинарлар ұйымдастыру жұмыстарын жүргізсе деген ұсынысы бар. Оқу орындары арасында бәсекелестік жасау арқылы білім сапасын арттыруға болады, - дейді Р.Рүстемов.

Бұдан бөлек, қамқоршылық Кеңес мүшелерінің өзге де ұсыныстары мен пікірлері тыңдалды. Қамқоршылық кеңес мүшелері Қазақстанның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруда алдағы уақытта да бір-бірімен кеңесіп жұмыс жасайтындықтарын жеткізді. Айта кету керек, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, 2015 жылы Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қамқоршылық Кеңесі құрылған болатын. Кеңестің мақсаты зияткерлік мектептің негізгі даму бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу, демеушілік көмектерді тарту және оны көрсету болып табылады.

Сондай-ақ, қайырымдылық акцияларын жүргізу, одан түскен қаржыларға бақылау жасау, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету және зияткерлік мектептің атқарылған жұмыстары бойынша есепті талқылау кеңестің негізгі принциптеріне кіреді. Кезекті отырыс барысында қамқоршылық Кеңестің жаңа құрамы таныстырылып, облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов Кеңес төрағасы болып тағайындалды.

Елубай ӘУЕЗОВ.

Әрбір сыныпқа Wi-Fi орнатылмақ

ҚР Білім және ғылым министрлігі еліміздегі мектептердің әрбір сыныбына Wi-Fi орнатпақ. Бұл туралы Үкімет отырысында аталған ведомствоның басшысы Ерлан Сағадиев мәлім етті. «Бүгінде интернет мектептердің басым бөлігіне тартылуда. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында осы мәселе шешілмек. Алайда, әр сыныптағы ішкі Wi-Fi желісі

де маңызға ие. Біз қысқа мерзімде Қазақстанның барлық мектептерінде құрылымдалған кабельді жүйені қамтамасыз ету бойынша ауқымды жобаны бастауды жоспарлап отырмыз», - деді Сағадиев. Осы орайда ол бұл жабдықты жергілікті атқарушы органдар сатып алуы тиіс екенін жеткізді. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстарға қомақты қаржы қажет емес көрінеді. Бұдан бұрын хабарланғандай, ҚР Білім және ғылым министрі мектептерде әрбір оқушыны жеке шкафпен қамтамасыз етпек.

Руслан ҒАББАСОВ.

Ағылшын тілінде ғайындағалуда

Қазақстанда үштілді білім беру бағдарламасы аясында оқулықтар дайындала бастады. Еске сала кетейік, еліміздің мектептерінде үштілді оқыту бағдарламасы енгізілуде. 2019 жылдан бастап, жоғары сыныптарда (10-11-12 сыныптар) химия, физика, информатика мен биология ағылшын тілінде оқытыла бастайды. Бағдарламаны 2023 жылға дейін кезең-кезеңімен енгізу жоспарланған. «Қазір дайындық, жасақтау процесі жүріп жатыр. Біздің ұйым («Учебник») республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы - ред.) сарапшы болып табылады, біз аталған оқулықтарды сараптамадан өткіземіз. Әзірге ол оқулықтар қолымызға тиген жоқ, бірақ олар дайындалуда. Біз сараптама мен оқулықтардың тәжірибелік тексерісін 2017-2018 жылдары өткізуді жоспарлап отырмыз», - деді ұйым

директорының орынбасары Саят Омаров. Оның атап өткеніндей, Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында білім саласына қатысты айтылған тапсырмалар бірнеше міндетті шешуге бағытталған. Сонымен қатар білім беру саласы ел дамуының ең басты факторы ретінде айықталған. Жолдауда айтылған үштілді білім беру бағдарламасын кезең-кезеңмен енгізуден кейінгі басты міндеттердің бірі – қаржылық және IT-білімді дамыту, жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру. Қала және ауыл мектептеріндегі білім сапасының айырмашылығын қысқарту, мұғалім тапшылығын жою және жұмыссыз жүрген немесе өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған жастарға кәсіби-техникалық білім беру.

Жасұлан ЖОЛДЫБАЕВ.

Ағылшын тілін үйретеді

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытамыз деген болатын. Мемлекет басшысы «бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу

қажет» деді. «Бұл мәселені бес жылдан бері талқылап келеміз. Биыл сегіз мың мұғалім ағылшын тілінің курсына барады. Сосын, нәтижесін көріп бір шешімге келеміз. Ағылшын тіліне кезең-кезеңмен көшу керек. Бірақ, алдымызда екі жыл бар, екі жыл ішінде зерттеу жасап, мұғалімдермен сөйлесеміз», - деді Үкімет отырысынан кейін Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев.

Кенжекей ТОҚТАМУРАТҚЫЗЫ.

Өнер көкжиегі

Менің шәкірттерім

«Ұстаздан шәкірт озар» деген қазақ халқында жақсы даналық сөз бар. Осы даналық сөздің де түкпірінде үлкен мағыналы сыр бар сияқты, бар білгенінді балаға үйретіп, бала бойындағы дарындылықты сыртқа шығарып, сол баламен етене жұмыс жасап, еткен еңбегінің жемісін көретінін анық. Абай атамның мына өлең шумақтары есіме түсіп отыр. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген. Еңбек жолындағы іс тәжірибем 10 жылға жуық болсада шәкірттерін жоғары белестерден көріп жүрген ұстаздардың қатарындамын деп есептеймін.



Бейнелеу пәні басқа пәндерге қарағанда қазақ халқы үшін сәл кенжелеу қалып қойған сала десем, артық айтқандық емес, себебі, көп ата-ана баласының сурет салып, сызу сызып жүргенін көрсе «Ой балам, бұл өнермен сен нан тауып жей алмайсың» дейтіні анық. Негізінде олай емес, қазір ХХІ ғасырда, яғни өркениетті дамыған заманда өмір сүріп жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Балабақша кезінен-ақ баланың қандай өнерге икем екенін білуге болады. Сол өнерін ұштастырып алға жетелеу ол мектептегі ұстазының, қалаберді үйде ата-ананың міндеті. Өнерін байқаған баланың «бетін қақпай белін бұ» дейді. Мен осы салада сурет салуға икемі бар оқушылармен етене жұмыс жасаймын. Бала ойындағы суреттерді қағазға түсіргенде нені ескеру керек? қандай түс пайдалану керек? Түстерді таңдауына, қандай туынды салғысы келіп отырғанын жеке қадағалаймын, бағыт-бағдар көрсетемін.



Бейнелеу өнері пәнінде де өз қиыншылықтары бар. Бұл мамандықты игеру үшін алдымен шыдамдылық, сүйіспеншілік, төзімділік талап етіледі. Өнердің бұл түріне қызыққан баладан болашақта атакты сәулетші, дизайнер, беделді суретші шығатынына шүбәм жоқ. Өзім сабақ беретін үйірмеде әр оқушымен жеке-жеке жұмыс жасаймын, сурет салуға икемі бар оқушыларға үнемі бағыт-бағдар беріп отырамын. Шәкірттерім өздерінің жасаған шығармашылық жұмыстарымен аудандық, облыстық байқауларда мерейімізді көтеріп жүр, атап айтсам М. Қосмағанбетова «Л.Н. Толстой және Қазақстан» атты халықаралық шығармашылық тарихи-әдеби конкурсында жүлделі ІІ орынды, «Жас өркен» балалар шығармашылығы фестивалінің кескіндеме жанры бойынша Алтынай Метерова жүлделі І орынды иеленді, А. Жолдасбаева «Маңғыстаунама – 2014» танымдық сайысында І дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар осы сайыста Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан иллюстрациялық суреттер байқауында І орынды алып мерейімді үстем етті. Облыстық VIII «Жас өркен» балалар шығармашылығы фестивалінің «Қазақтың тұңғыш ханы» тақырыбында сурет жанры бойынша ІІІ орынды алды.

2015 жылы Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған сурет байқауында Г.Маханбетова «Наурыз жыл басы» номинациясының «Менің қуанышымды менімен бөліс» тақырыбында І орынды алған болатын. 2016 жылы «Әбіш оқулары» сурет байқауында «Үй тапсырмасы» бөлімі бойынша Данияр Мұратұлы жүлделі І орынды иеленсе, «Тәуелсіздік – бар бақыттың бастауы» сурет байқауында «Тәуелсіздікке тарту» бөлімі бойынша А. Аялбергенова облыстан ІІ орын алған болатын. Шәкіртім Ә. Чишебаева «Менің болашағым» облыстық жас суретшілер байқауының жеңімпазы. Шәкіртінің марапаттары, белестерден көрінуі ұстаз үшін еткен еңбегінің жемісі, ұстаз үшін бұдан асқан бақыт жоқ! Шәкірттерім мұнымен шектеліп қалмайды, алда Республикалық сурет байқауында аудан намысын қорғап жоғары белестерден көрінуіне тілектеспін!

Сүндетқали АМИРОВ,
Қ.Бақтыбайұлы атындағы
Бейнеу өнер мектебінің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

◆ **Ұстаздардың ұстазы**

Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия – ұлтымыздың, ана тіліміздің жасашыры, қоғам қайраткері ақын, сатира сардары Шона Смаханұлының ұлттық болуымен ашылған қазақ мектебі.

**Сенемін тағдырымның нұр тақына...
Сенемін келер күнгі ұрпағым, - деп жырлаған ақынның сенімін лайықты арқалап келеміз. 1995 жылдан бастап аталған гимназияны басқарып келемін. Сондықтан білім ордасының әр тасы мен тақтасы, жүріп өткен жолдары, қызметкерлері мен үшін қымбат.**

Гимараттың әр бөлшегі, оның көгалдануы, абадтануы, сапалы мамандармен қамтылуы туралы айта берсеңіз, ол – бір жатқан тарих, шежіре мен тәжірибе. Ақынның «Ананың тілі» өлеңіне жазылған ән шаңырағымызда әркез әуелейді. Гимназия қабырғасында орналасқан ақын мұражайы да оқушыны да, келген қонақтарды да қажетті ақпаратпен сусындатып, оның мәңгілік рухын асқақтатып тұр. Жыл сайын гимназия оқушыларының арасында Шона оқулары ұйымдастырылады. Жалпы өркениеттің мақсаты – адамды ойлауға, ойлануға үйрету. Осы тұрғыдан алып қарасақ, сатира сардарының қысқа да нұсқа туындылары оқушыларды сыни ойлауға жетелейді. Ол туралы ақын өзі былай дейді:

Бас қосса әзіл-күлкі, сын мен сықақ,
Қасыннан саскалақтап сайтан қашар.

Жалпы өз жұмыс тәжірибемде маман алу және оны тәрбиелеу мен тәртіп мәселесіне көп көңіл бөлемін. «Адам өз мүмкіншіліктерін толық пайдаланса, алмайтын асу жоқ» дейді халық даналығы. Мамандардың кәсіптік қабілетін шындаймын. Бүгінде менің тәрбием мен тәжірибемді көрген 6 шәкіртім басшылық тізгінін алып, қала мектептерін басқарып отыр. Гимназия қабырғасынан осы уақытқа дейін 47 «Алтын белгі» мен 38 «Үздік аттестат» иегерлері шықты. Олардың арасында Қазақстанға танымал ғалымдар, өнер адамдары, кәсіпкерлер, оқытушылар, білім саласының қызметкерлері, сан салалы маман иелері бар. Әлемдік және республикалық өнер байқауларын бағындырған гимназиямыздың «Наркыз» би тобы мен «Мұрагер» домбыра оркестрін ерекше атай аламын. Сонымен бірге басқа да шығармашылық байқаулар мен спорт саласынан жетістіктеріміз көптеп саналады. Республикалық Абай, Махамбет, Мұқағали көркемсөз оқу байқауларының бас жүлдегерлері бүгінде Қазақстан өнеріне айтулы үлес қосып жүр.

Гимназия ұстаздары шетінен бәсекеге қабілетті деп айтсам, артық болмас. Қала-

лық дәстүрлі «Жыл мұғалімі» байқауына 6 ұстаз қатысып, лауреат атанды. Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары да шығармашылықпен еңбек етуде. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Зияда Ажибаева «Үздік педагог – 2013» атағының иегері болса, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Гүлмира Рыскелдиева «Үздік педагог – 2015» атанды.

Ел алдындағы еңбегім ескерусіз емес. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігімін. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» және «ҚР

көрсетеді. Қалған мамандарды каскадтық жүйе бойынша дайындықтан өткен тренерлер «Тәжірибедегі рефлексия» тақырыбымен оқытып жатыр. Енді бірден бұл жүйеге өте қою оңай шаруа емес. Әр мәселенің байыбын, түпкілікті мақсатын түсінбей, тәжірибеден өткізіп, елеп-екшемей, нәтижесі туралы айта қою қиын.

«Өткенге көз жібермей, болашақты болжай алмайсың» дегендей, дәстүрлі жүйені бірден пайдасыз болды деп ысырып тастауға келісе бермеймін. Себебі Блумның толық меңгерту

болғаны да рас, соның бірі – оқыту ресурстарын тым күрделендіріп жасау, шетелдік мамандардан сөзбе-сөз, түсініксіз аудару. Мамандардың айтқанына, олар тек филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы педагогикалық шеберхана орталығының бас тренери Асқат Әлімовтің «Жоғары оқу орнында интербелсенді әдістерді пайдалану» атты оқу құралын оқығанда ғана аталған бастаманың идеясын түсіне бастаған.

Жалпы «Елу жылда ел жаңа» демекші, қазіргі білім мен ғылымның ерекше қарқынмен дамуы да жаңа жүйеге алып келді. Жаңашылдығы да бар. Біз оқушының ойы мен миында қабылдау үдерісі қалай жүріп жатыр? Міне, осы мәселеге жаңаша қарай бастадық. Топтық жұмыстар, әлеуметтік әрекеттестікті дамыту да осы арадан келіп шығады. Яғни адам бір нәрсе туралы өзі ойланғанда немесе жасағанда, оны құрдастарымен бөліскенде, бірін-бірі оқытқанда, ақыр аяғында басқаны оқытқанда 90 пайыз қабылдайды. Ал тек тыныш тындап отырғанда адам миы жасушаларының белсенді қызметі жойылып, қабылдау үдерісі тежеледі. Сонда қазіргі мұғалім – «ұйымдастырушы», «үйлестіруші». Ол сабақта ойнатып, күлдіріп, сұрақтармен жетелеп сабақты оқушының өзі түсініп, талдап, салыстырып, баға беріп кетуге жағдай жасай білу керек. Сонда топтық жұмыс танымдық, эмоциялық, әлеуметтік мақсаттарына жетеді. Танымдық мәселе ең басты кезекте тұр. Себебі қазіргі мұғалім соншама ақпараттар ағынынан ерекше ойлар тауып, қызықты оқиғалармен таңқалдырып, оқушының қызығушылық әлемін оятып кетуі тиіс. Мұндай сабақтарды жоспарлап ұйымдастырып кету мұғалімнен де аса жоғары креативтілікті қажет етеді. Алайда дәл қазіргі бағдарлама асында топтық жұмыстарды әр сабақта қолдана білу едәуір қиындықтар туғызады. Атап айтқанда, меңгеруге қатысты білім мазмұнының көптігі, топтық жұмыс жасау мен қорғауға уақыттың жетіспеушілігі, қажетті ресурстармен дер кезінде қамтамасыз ете алмау.


Қорыта айтқанда, қазақтың көрнекті ақыны Сәбит Дөнентаевтың мына бір өлең жолдарының заманы дәл бүгін келді:

Ой деген бір шыңырау...

Сені қуған кісі әуре

Кумағанның ісі зору...

Ойы ұшқыр, сезімі адал, ақылы терең, қайраты мол оқушының, ұстаздың бүгінгі таңда ұтары мол. Күнделікті сабақта оқушының ой әлеміне тың сүрен салар ұстаздарымыздың ойы сарқылмасын. Тек сол жолда өткеннің озығынан азық алып, келешектің кемеліне дұрыс бағыт алсақ, ісіміз оңды болары сөзсіз.



Атығай БИЖАНОВ,

Алматы қаласындағы Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия директоры.

Конституциясының 20 жылдығы» медалдарымен, ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Туған жерім – Райымбек ауданының Құрметті азаматымын. Биылғы оқу жылында Қасиетті Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдығына орай «Ерен Еңбегі үшін» Елбасы қол қойған медалін алдым.

Соңғы марапаттау маған мақтаныштан гөрі тың жауапкершілік жүгін арқалатқандай болды. Себебі қазір «Мектеп» кемесі ерекше реформа, тың өзгеріс әлемінде отыр. Болашақта орта білім беру жүйесін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне жеткізу көзделуде. Білім беру бағдарламасы, оқыту және бағалау жүйесі өзгереді. Ол туралы Елбасы жолдауларында көп айтылған. Сондықтан педагог мамандарымыз Кембридж бағдарламасы аясында деңгейлік курстарда білімін жетілдірді. Біздің гимназияда 27 маман әртүрлі деңгейде арнайы дайындықтан өтті, жалпы үлеске шаққанда 46 пайызды

теориясының алғашқы баспалдақтары осы білу мен түсінуден басталады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқушылар қарапайым білімді мұғалімге қайталап айтып берумен ғана шектеліп қойған жоқ. Бүгінгі күні де, бұған дейін де ұстаздарымыз сабақтарында оқушыларды қолдануға, талдауға, баға беруге жетелеп келді. Бұған дейін де біз белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданып келдік. Тағы бір айта кететін жайт, егер оқушыда академиялық білім болмаса, ол талдауға, салыстыруға, баға беруге қалай жетеді? Сонда біз мынаған көз жеткіземіз, бұған дейін жасағанымызды одан да жақсырақ, одан да сапалырақ жасауымыз керек. Дәстүрлі оқытудан сындарлы оқытуға көшкенде бірінші кезекке оқушылардың пәнді терең түсінуін дамыту мәселесі қойылып отыр. Сонда басты назарда – оқушылардың функционалдық сауаттылығы, яғни бұл дегеніміз – алған білімін өмірде қолдана білетін құзырлы тұлға қалыптастыру. Осы деңгейлік курстардан өткенде мұғалімдер біраз қиындыққа тап

Бір мектептен екі хабар

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы. Үстірт орта мектебі.

Тәжірибе алмасты

Жуырда Үстірт орта мектебінде қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің «Білім беру мазмұнын жанарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімділігі» тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинардың мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің өзара іс-тәжірибе алмасуына ықпал ету, олардың кәсіби шеберліктерін шыңдау, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жаңа үлгідегі сабақ өткізу.

Семинарды әдеттегідей Үстірт орта мектебінің директоры Ж. Оразайұлы ашып құттықтау сөз сөйлеп семинар қатысушыларына сәттілік тіледі. Семинарды Боранқұл орта мектебінің мұғалімі Г. Байсариева 10 сыныпта А. Құнанбаевтың «Сегіз аяқ» өлеңіне арналған сабағымен бастады. Қалдығараев орта мектебінің мұғалімі Р. Азанғалиеваның 8

сыныпқа Ж. Жабаевтың «Жаныс ақынға», «Патша өмірі тарылды» өлеңдеріне өткен ашық сабағы семинар қатысушыларының көңілінен шықты. Опорный орта мектебінен келген Т. Джайылғанова М. Жұмабаевтың «Түркістан өлеңі» тақырыбында 8-сынып оқушыларына сабақ берді. Сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлік курсынан өтіп келген Үстірт орта мектебінің мұғалімі Р. Сақтағанова «PISA халықаралық зерттеу әдістері негізінде тапсырмаларды құрастыру» тақырыбында коучинг сабақ өткізді. Ә. Еңсегенованың «Дүние қалай етсең табылады» деген Ы. Алтынсариннің өлеңіне 5-сыныппен өткен ашық сабағы жоғары бағаланды. Күйкен орта мектебінен келген Х. Аманбаева «Етістік туралы түсінік»

тақырыбында, Қарақұм орта мектебінен келген Ж. Қапасова «Дара және күрделі етістік» тақырыбында ашық сабақтар берді. М. Бегенов атындағы орта мектептен келген Б. Көбегенованың Ә. Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны, қарағым» өлеңіне өткен ашық сабағы семинар қатысушылары тарапынан жақсы бағаланды. Семинар соңында Ы. Алтынсарин орта мектебінің мұғалімі А. Избергенова «Дүние қалай етсең табылады» өлеңіне арналған сабағымен қорытынды жасады. Ұлағатты ұстаздар бір-бірімен тәжірибе алмасып мәре-сәре болды. Осындай семинарлардың жас мамандарға берері көп. Семинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері А. Нысанова семинар қатысушыларына өз ризашылығын білдіріп арнайы сертификаттар табыстады.

Актілек МҰХАМЕДИНОВА.

Ұлы дала ұрпақтары

Маңғыстау облыстық мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту орталығының ұйымдастыруымен бүлдіршіндер арасында «Ұлы дала ұрпақтары» республикалық (сырттай) балалар шығармашылығының фестивалі болып өтті. Фестивальдың мақсаты: «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру аясында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын қолдау және насихаттау, сонымен қатар балалар шығармашылығын дамыту, мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын белсендіру. Фестивальдың шарттары: «Жезтаңдай әнші» – патриоттық әндерді шықрау, «Көркем сөз шебері» – тақпақ, монолог немесе мақал-мәтел, «Мың бұралған биші», «Үздік қойылым» – театрланған қойылымдар, «Көлөнер шебері».

Фестивальға ауданымыздың барлық мектепке дейінгі ұйымдарынан бүлдіршіндер бақтарын сынауға атсалысты. Үстірт орта мектебінен Г. Ибрашова жетекшілік ететін әнші М. Садуақасованың «Сарбазым» әніне арналған ұжымдық би «Мың бұралған биші» номинациясында І орынға лайық деп танылды. «Көлөнер шебері» номинациясы бойынша бүлдіршіндердің көптеген еңбектері қазылар алқасына ұсынылды, солардың ішінен суырылып Г. Ибрашова жетекшілік ететін Баян Избасардың өнері үздік деп танылып жүлдері ІІ орынмен мектебіміздің мерейін үстем етті. Фестиваль соңында жеңімпаз бүлдіршіндерге білім бөлімінің арнайы мақтау грамоталары мен сыйлықтар берілді. Өрине мұндай жетістіктерге жетуіне аянбай еңбек еткен ұстаздарына шексіз алғыс білдіреміз!

Құндыз ПИРМАНОВА.

◆ А Р Д А Г Е Р

Барахова Сайлаукүл Жапбарқызы 1947 жылы 16 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Шеңгелді ауылдық кеңесіне қарасты №47 разьезінде дүниеге келген. 1964 жылы Түркістан педагогикалық училищесін, 1972 жылы Шымкент педагогикалық институтын, 1987 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген.

Сайлаукүл Жапбарқызы алғашқы еңбек жолын 1964 жылы Сарыағаш ауданындағы «Сырдария» орта мектебіндегі бастауыш сыныпта мұғалім болып бастаған. 1967 жылы Сарыағаш аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, екінші хатшысы. 1970-1975 жылдары Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы, 1975-1982 жылдары Шымкент қалалық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы, 1988-1992 жылдары Халық депутаттары Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-1995 жылдары облыстық білім басқармасының бастығы, облыс әкімінің білім саласы бойынша орынбасары, 1995-1997 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды, 1997-2002 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

2002 жылдан бастап – Оңтүстік Қазақстан облыстық білім департаментінің бастығы қызметін абыроймен атқарып, 2005 жылы зейнеткерлікке шықты. Барахова Сайлаукүл Жапбарқызы білімді, білікті маман, қайда еңбек етсе де, ұйымдастырушы қабілеті жоғары басшы бола білді. Зейнеткерлікке шықса да, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып келеді.

Қоғам қайраткері Сайлаукүл Жапбарқызының еткен еңбегі жоғары бағаланып, 2001 жылы

«Құрмет» орденімен және бірнеше мерекелік медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің, Халық депутаттары ОҚО кеңесінің, облыстық мәслихаттың грамоталарымен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздік қызметкері», Ы.Алтынсарин атындағы төс белгісінің иегері.

Сонымен қатар Барахова Сайлаукүл Жапбарқызына облысқа сіңірген еңбегі үшін Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының, Сарыағаш, «Қазығұрт аудандарының Құрметті азаматы» атанды.

Ұрпаққа білім және тәрбие беру саласына өзінің өмірлік тәжірибесін насихаттап, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысуда. Ол – Оңтүстік Қазақстан облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, әрі «Оңтүстік Қазақстан облысы білім саласы ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы және ақылдастар алқасының мүшесі. Өзінің білімі, қарапайымдылығы, еңбегімен ел құрметіне бөленіп, алғысқа ие болып жүрген ардагер ұстаз.

Үлкен жүректі азамат Қуанышев Жұмабекпен (1999 жылы өмірден озған) тұрмыс құрып, Ермак атты ұл, Жанар атты қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан немерелер сүйіп отырған аяулы апа.

Әкесі Жапбар – ұзақ жылдар бойы теміржол саласында еңбек етіп (1974 өмірден озған) диспетчер, кейіннен станция бастығы қызметтерін абыроймен атқарған. Ел адамдарына ақылшы, әрі қамқоршы бола білген, абзал азаматтың есімі қазіргі таңда өз ауылындағы бір көшеге берілген.

Анасы – Зара бұл күндері жасы 95-ке келіп, тәрбиелеп өсірген 5 перзентінен немере, шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

Өнегелі өмір



«Оңтүстік Қазақстан облысы білім саласының ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі облыстағы білім саласының ардагері, қоғам қайраткері, Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының, Сарыағаш және Қазығұрт аудандарының Құрметті азаматы, облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Құрмет» орденінің, бірнеше медальдардың, Ы Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері Барахова Сайлаукүл Жапбарқызын туған күнімен құттықтаймыз!

Ел үшін еткен ерен еңбегінің зейнетін көріп, өсірген ұлқызынан немерелер сүйіп, қызығына кенеліп, аяулы апа атанып отырған Сайлаукүл Жапбарқызына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жер бетіндегі бар жақсылықтарды тілейміз!

«ОҚО білім саласының ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі.

Отырып биік төрінде

Сайлауға тұңғыш көрімдік – Сайлаукүл болды атыңыз. Шыңдардан биік көріндің, Сай келді соған затыңыз. Депутат етті халқыңыз, Ауданға, қала, облыс. Сенатта берген Антыңыз, – Ең үлкен болды оңды іс. Әпкеме туған баланған, Бір жасқа менен үлкенсіз. Бас исең жақсы, данаға, Наданнан қатты үркесіз. Жамандық сезсең адамнан, Тура айтып, көзге түртесіз.

Адалдықтың бойыңнан, Қашанда исі аңқыған. Мөлдір де таза ойың бар, Айнымас ешбір қалпынан. Сіздей-ақ болсын қазақтың, Әр қызы пайым, парқы бар...

Ұстаз боп бастап жұмысты, Комсомол жедің талқанын. Әкелік бойдан жұғысты,

Шыныштылық – мықты қалқаның. Партия, кеңес ісін де, Абыройменен атқардың. Қиянат қылмай кісіге, Сыртынан кесек атпадың. Сол үшін үлкен-кішіге, Келемін Сізбен мақтанып. Жалқау мен керден, жаманның, Ояттың бойдан намысын. Адамы болдың заманның, Жаралған жұрттың бағы үшін. Күш-қуат салып күрестің, Болашақ ұрпақ қамы үшін. Баршылық қосқан үлесің, Жарқырай атар таң үшін.

Еліктеп өстің әкеңе, Әскери тәртіп, салты бар. Абырой, атақ әперген, Еңбекпен шыққан даңқы бар.

Азаматтығын бағалап, Ел айтты ақтық кесімін. «Жылғалық» жұрттар жарады-ақ, Көшеге берді есімін.

 Үлгі еттің жаны ізгіні, Ұмтылдың айқын мақсатқа. Тәтті үміт қолда тізгіні, Боп жүрсіз ие жақсы атқа. Қай сала, іске салса да, Шешиендік сөзден таныттың. Айтып жүр жұрттар тамсана, Көсемдік әркез таныттың. Не жұмыс қолға алсаң да, Ілгері қарай дамыттың. Келгенді күліп, қарсы ала, Бойкүйез ойдан арылттың. Риза боп кетті қаниа жан, Алғысын алдың халықтың. Сөз айтпақ – мың сан толғанып, Атадан қалған салтымыз. Қарапайымдылық – бойда құт, Ұғындық Сізден нарқын біз. Бас ұстаз болып басқардың, Жеті жыл білім саласын. Жаздыңыз жырын, дастанын, Әр ісің тапты жарасым. Әріптес болу Сізбенен, Бақыты маған бұйырды.

Түзу жол, жүрдік ізбенен, Айрандай ұжым ұйыды. Түлеттің білім саласын, Тындырдың тірлік толағай. Сілкінттің ұстаз санасын,

Жан-жақтан алғыс борады-ай. Шешімін дұрыс таптыңыз, Қиындық алдан орады-ай. Ұнаса пікір талқымыз, Қолдай да білдің бағалай. Сіз салған соқпақ, нақты із, Үлгі боп елге тарады-ай. Үміттің отын жақтыңыз, Бақ қонып, Қыдыр қарады-ай

 Екі отыз бес жастасыз, Үш жиырма бесті атаңыз. Қос қырықта басталсын, Шөберелерге батаңыз. Үш отыз самғап көгінде, Талмастан қанат қаққайсыз! Отырып биік төрінде, Ғасыр той дәмін татқайсыз!...

Ізгі тілекпен: әріптесіңіз, білім саласының ардагері - Айдар ТАШТАНОВ.

Шымкент.

◆ Мектебім – алтын бесігім

Қоғамның қозғаушы күші – білім туралы әңгіме қозғала қалса, алдымен еске түсетіні – қазағымның дархан даласының әр жерінде орын тепкен оқу мен тәрбиенің қайнар көзі – орта мектептер. Осында ғасырлардан бері заманның озық ойлы әр толқын ұрпақтары білім нәрін сіңіріп, саналы тәрбие нұрын бойларына дарытып келе жатыр. Аталған озық салтты жаңа ғасырға сай дамытып жүрген қарашаңырақтардың бірі, әрі бірегейі – Б.Момышұлы орта мектебі. «Жақсыны – көрмек үшін» демекші, даңқы алыс-жақынға тараған бақ ордаға табан тіреу – көптен бергі мақсат болатын. Алмас қылыштай жарқылдан, қарсыластарынан дара шапқан оқу отауына жолымыз түскен осы жолы. Осында көзімізбен көргенімізді, көңілге түйгендерімізді баришаға жеткізбекке асықтық шын. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген аталы сөзден асып кете алмадық.

2016 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалімен марапатталған, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының белді мүшесі Мұратжан Мейманхановтың ұстаздар коман-

тапқан ұстаз» жинағына енді.

«ЕХРО – 2017» Болашақ технологиялар көпірі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға мектептің

орын тапты. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік on-line конференцияға С.Кенжебаева, А.Алдажанова қатысып, сертификат олжалаған.

32 мұғалімнің үздік сабақ үлгілері,

сынып мұғалімдері В.Нешеретнева І орынға, Л.Савина ІІ тұғырға көтерілген. «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының өткізген тарих пәні мұғалімдерінің республикалық қашықтық олимпиадасында П.Демченко І орынды бағындырды. Химия мұғалімі А.Манабаева республикалық, облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының жүлдегері атанған.

«Ата Заңымыздың 20 жылдығына – 20 қарағай ағашын егейік» акциясында «Мектеп ауласы» облыстық байқауының жеңімпазы болып, дара шықты.

Аудандық «Үздік орта білім беру ұйымы – 2015» конкурсында нәтижеге бағытталған жұмыс жүйесін көрсете білген Б.Момышұлы орта мектебі І орынды иеленіп, құрмет грамотасымен аталып өтті. Т.Рысқұлов аудандық «Ең үздік АКТ-ны пайдаланушы ауыл мектебі – 2015» байқауындағы шығармашылық ізденісімен ерекшеленген Б.Момышұлы мектебі дипломға ұсынылды. Облыстық «Гүлдене бер, Жер-Ана» акциясының аясында өткен «Мектеп ауласы – 2014» байқауының жеңімпазы Б.Момышұлы атындағы орта мектебі Дипломмен марапатталды.

«Жақсы ұстаздан – жақсы шәкірт шығады» демекші, білікті ұлағат иелерінен білім ұққан жастар басқаларды өре жарыстарда қапыда қалдырып жүр.

Мынау қоғамда, қандай салада болмасын, жұмысты дұрыс ұйымдастыра білген басшылардың ісі алға басып, ұжымының аты шартарапқа жайылып жататыны айқын. Осынау пікір білім саласына көп қатысты екендігін де осы сапарымызда тағы бір мәрте ұққанымыз бар. Бәсекелестік бел алған шақта өзгелерді басып озған Мұратжан Мейманхановтай білікті басшы басқарған мектептің шебер ұстаздары мен білімді өрендері көпшілікке үлгі болып жүргені – көңілге үлкен қуаныш. «Палуанға – оң мен солы бірдей» демекші, Б.Момышұлы білім ордасының үздік педагогтары мен озат оқушыларының – түрлі сайыстардың нағыз сайыпқырандары дәрежесіне көтерілгендігін байқадық. Олар үшін алынбас асу жоқ, тегі ...

Айналасын әсем бақ қоршап, оның іші білімділікпен, тәрбиелілікпен, өнермен зерленген бұл отаудан кері қайтуын – қиын. Саналарға сәуле сеуіп, шуақ шашқан мектеп – мұнда келген кім-кімді де бірден баурап, өзіндік кереметімен қызықтыра түсетін бір сиқырға ие. Мұндағы табыстар қатары, мүмкін, біреулер үшін кездейсоқтық шығар... Ал уақытпен санаспай, таза еңбекпен дарабоздар ауылына ту тіккен Мұратжан Құрманжанұлы Мейманхановтай директор ұжымының қызметі қалай мақтасаң да жарасымды. Дулдулдерді топтастырған бақ мекеннен жетістіктер желісінің үзілмеуін тіледік.

Миятбек ШӘМШІБЕК.

Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы.

ЖАҚСЫНДЫҒЫ БІЛІМ ОРДАСЫ



мақала, баяндамалары республикалық «Алаш ұстазы», «Білім көкжиегі», «45 минут», «Мектептегі психология», «Артспорт», «Жалпы орта білім: барлық пәндер бойынша», «Бастауыш сынып», «Білім - Арна» басылымдарында, облыстық үнқағаз беттерінде 4 мұғалімнің еңбектері, аудандық басылымда 5 мұғалімнің мақаласы жарияланған. «Мектептегі басқаруды деңгейлік бағдарлама идеясының негізінде жоспарлау жолдары» тақырыбында мектеп тәжірибесі аудан көлемінде таратылған. Сонымен қатар мектептің бастауыш сынып мұғалімдерінің, математика, физика, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті және шет тілі пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибелері аудан көлемінде таратылып, семинар-практикумдар өткізілді.

С.Кенжебаева аудандық, облыстық «Инновациялық педагогикалық идеялар» фестивалінің жеңімпазы жұмысы байқаудың республикалық кезеңіне жолданған. Математика пәні мұғалімдерінің облыстық «Орта мектеп оқу бағдарламасына сай әр түрлі тақырыпқа жаңа әдістемелер енгізу арқылы оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту» тақырыбындағы семинарға белсене қатысып, әдістемелік шеберлік деңгейін көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталған. Музыка пәні мұғалімі Е.Қонысбеков аудандық «Ең үздік жас маман» байқауында бас жүлдеге ие болса, биология пәні мұғалімі А.Алдажанова аудандық «Ең үздік шеберлік сынып» байқауында ІІІ орын иеленіпті. Ә.Жанызбаева «Мектепке дейінгі ұйымдардағы ең үздік тәрбиеші» байқауының бас жүлдегері, облыстық байқаудың ІІІ орын иегері. «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген бастауыш сынып мұғалімдерінің республикалық қашықтық олимпиадасында бастауыш

дасы да кілең сайдың тасындай. Түрлі бәйгелердің жүлдегерлері – олардың да көрсеткіштерін айтпай кету әбестік болар еді. Физика пәні мұғалімі С.Скребец облыстық «Үздік педагог – 2015» байқауында ІІІ орын, Республикалық «Үздік педагог – 2015» атағының иегері қазақ тілі мен әдебиеті ұстазы А.Бейбітова аудандық «Абай – дана, Абай – дара» атты әдебиет-сазды кештің үздік сценарийі сырттай байқауында бас жүлдені иеленіп, облысқа жолдама алды. Математик М.Қабулова аудандық «Үздік педагог – 2016» байқауында ІІІ орын, тағы бір математик С.Кенжебаева аудандық «Үздік портфолио» байқауында ІІ жүлде, химия маманы А.Манабаева аудандық «Үздік портфолио» байқауында І орын, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Бейбітова аудандық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында «Тіл дамыту» бағдарламасы бойынша ІІ орынды, бастауыш сынып мұғалімі О.Анисимованың ұсынған бағдарламасы ІІІ орынды, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Л.Амреева, С.Тойшыбекова аудандық «Үздік сабақ жоспары» байқауында ІІ, ІІІ жүлдемен, А.Касенова деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтарға арналған аудандық «Үздік шеберлік сынып – 2015» байқауында ІІІ орынмен марапатталды. С.Кенжебаева мен Г.Хугольдың, А.Касенова және Л.Амрееваның, И.Демченко, Ұ.Айнақеева, С.Скребецтің, бейнелеу өнері тәлімгері Б.Рустамбекованың, бастауыш сынып мұғалімі К.Нақысбаеваның аты-жөндері республикалық «Шәкірт жүрегіне жол

ағартушылары Ж.Есбергенова, Ш.Балқыбекова, А.Бейбітова, Ш.Балқыбекова, Е.Балқыбеков, Ұ.Айнақеева қатысып, І, ІІ дәрежелері дипломдармен марапатталып, баяндамалары жинаққа енгізілген. «Бүгінгі өскелең ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруді одан әрі жетілдіру» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға атсалысқан ұлағат иелері Л.Амреева, К.Керімбаева, А.Бейбітова, А.Қалымбетова, М.Есімова, М.Исаева, З.Алашбаевалар І дәрежелі дипломға ие болып, баяндамалары жинақтан орын тапқан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Аса қастерлі ұғым Тәуелсіздіктің қасиет-киесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға үлес қосқан Л.Қуандықова, Р.Исмаилова, М.Жаманбаев, И.Демченко, А.Джангурбаевалар дипломдарға қол жеткізіп, еңбектері жинақтардан

Аялы алақан

Жақсылық жасауға асығайық!



«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген екен дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну әрбір адамның азаматтық парызы.

Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

Алмалы ауданындағы Байымбетова Ляйла Мұхаметжанқызы басқарып отырған №24 лицейде Республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде жыл сайын өз жалғасын тауып келеді.

Республикалық «Қамқорлық» акциясын жандандыру мақсатында лицейіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасыларына қолдау көрсету мақсатында лицей оқушыларының ұйымдастыруымен қолдан жасалған қолөнер заттары және әр түрлі тәтті тағамдарды сатудан жәрмеңке ұйымдастырылды. Сонымен қатар, акцияға белсене атсалысқан 5 «А», 5 «Б», 5 «В», 6 «А», 6 «Б», 7 «А», 7 «Б», 7 «В» сынып ата-аналары лицей ұжымының атынан үлкен алғысқа ие болды.

Жиналған қаражатқа аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім, толық жетім балаларға сабаққа қажетті құрал-жабдықтар, аяқ киім, жейде, қыстық сырт киім берілді. Балалар берілген сыйлықтарды қуанышпен қабыл алып, өмірде мейірімді жандардың бар екеніне көз жеткізді.

Маржан АЛИЕВА,

№24 лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Алматы.

◆ Озат тәжірибе – көпке ортақ



әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Салт-дәстүрлі ел – мықты әрі түбі берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын ғасырдан ғасырға салт-дәстүрмен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген.

1-оқушы:

Туылған соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмесең,
Жұрт айтады надан деп.
Ата-бабам ардақты,
Жамандыққа бармапты.

баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.

Қыркынан шығару (салт). Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады.

Тұсау кесер (салт). Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып.

І жүргізуші: *Ғұрып* – қазақтың өмір салтын қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз.

Асату (дәстүр). Ет желініп болған соң төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жігіттерге асатады.

І жүргізуші: Әдетте сәби аяғын тәйтәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген. Өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты.

Тұсау кесер (көрініс)

Әже:

Жолың болсын деселік,
Жолыңа нұр төселік.

ауызбіршілікке не жетсін.

- «Төртеу түгел болса алар, алтау ала болса алдырар» деген ғой, о не дегеніңіз. - «Бірлік түбі – тірлік» деген ғой бабаларымыз, бірлік болсын.

- «Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады, жақсымен сөйлесең, көңілің ашылады» дегендей, көңіліміз марқайып қалды ғой.

- «Әңгіме әңгіме дегізер, әңгіме бұзау емізер» демекші, қой, қайтатын, мал келетін уақыт болды.

- «Тау тауға қосылмас, адамға адам қосылар» деген, әлі кездесерміз, сау бол!

II жүргізуші: Қарап отырсақ қазақтың мақалдап сөйлеген сөзінің өзі бір шыр айлы, тәрбиелік мәні зор, астарлы. Бұған осы көріністен-ақ көз жеткізген боларсыздар.

I жүргізуші: Қазақ халқына тән төрт той бар. Соларды атап кетелік.

1-оқушы: **Наурыз мейрамы** – күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Наурыз мерекесінде көпшілік бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстар атқарады. Бұл кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңара бастайды. Сондықтан да наурыз тойын «тепе-теңдік», «игілік», «жаңару» мейрамы деп атайды.

2-оқушы: **Қымзымұрындық** – жаз тойы болып, мамыр айынан бастап маусым айына созылатын үлкен той. Осы кезде мал отығып, биелер желіге байланып, қымыз жиналып, ағайын-жежаттар бірін-бірі қымызға шақырады. Құран оқып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар ұйымдастырылады. Осы кезде түрлі той-томалақтар да өткізіледі.

3-оқушы: **Мизам (Сабан той)** күз айында дикандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізіледі.

4-оқушы: **Соғым басы** – қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. Қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.

II жүргізуші: **Қонақжайлылық, меймандостық** – ата салтымыздың ішіндегі ең бір мақтауға тұрарлық мәнді түрлерінің бірі. Қазақ меймандостығы ерекше, ата-бабаларымыз бұл жағынан алғанда да басқалардан көш ілгері тұрған. Қазақ қонақжайлылығына негізгі себеп: бұл қазақтың көшпелі тұрмысы. Ен далада отырған ауылға шаруасы жоқ адам бекерден бекер бас сұқпайды.

Қонақжайлылықтың ең үлкен белгісі – ең дәмді тағамын, сусынын, шай-қантын қонаққа сақтағаны. Халқымыз қонақжайлылық, меймандостық салтында дәм-тұзға ерекше мән берген. Сыйластық осы дәм татырудан басталады. Мұндай дәстүрдің түрі көп.

Ата-ана: Дем тату дәстүрлері: ерулік, көрімдік, есік көрсету, соғымбасы, үлкенге сыбаға.

Қонақжайлылық, сыйластық салтын бұрынғы ата-бабаларымызша түсініп, соларша дәріптей білсек нұр үстіне нұр болар еді.

Көрініс.

I жүргізуші: Халқымыздың ғасырлар бойы жасап кеткен тарихы – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлкен қазына, мұра. Бұл мұраларымыз имандылық, ғибадаттық, әдет-ғұрыпмен, салт-дәстүрімен қымбат. Осынау ұрпақ тәрбиесінің қымбат қазынасын мұралыққа алған біздер оның ішіне үніліп, одан өз болмысымызға керек-жарактарымызды алуға тиіспіз. Өзін қазақтың деп санайтын әрбір жас жеткіншек қазақтың дәлелдей алағын істерімен өзгеге өнеге болуы керек.

II жүргізуші: «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдімін.

Еліміздің жарқын болашағы сіздердің қолдарыңызда, құрметті оқушылар, - дей отырып бүгінгі сахналық көрінісімізді аяқтаймыз.

Біздіңше бұл сабақ оқушылар жадында ұзақ сақталатынына қуанамыз.

**Зауре МУСАБЕКОВА,
Айгерім КӨДЕКОВА,
№35 мектеп-гимназия мұғалімдері.**

Алматы облысы.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді

Алматы облысы. Таулар ауданындағы №35 мектеп-гимназияның ұжымы жеткіншек ұрпаққа білім беруде халқымыздың әдет-ғұрып мен салт-дәстүрлерін оқушыларға үйретуде мол тәжірибе жинақтап келеді. Мектепте осы тақырыптарға арналған іс-шаралар, тәжірибе алмасу семинарлары жиі өтеді.

Суреттерде:
• Тарих пеннің мұғалімі **Зауре МУСАБЕКОВА** сабақ өткізуде және сабаққа қатысушы мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар.
Суретті түсірген: Жағасбай ӘДІШЕВ.



Сахналық көрініс түрінде өткен сыныптан тыс іс-шараның мақсаты қазақ халқының әдет-ғұрып мен салт-дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру, оқушыларды жан-жақты білімді болуға, салт-дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, қонақжайлылыққа, әдептілікке тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілеттерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Баяндау, иллюстрациялық түсіндіру, сахналау, ойын элементтерін пайдалану, қызығушылықты ояту стратегиясы әдісімен өткен шарда оқулық, көркем әдебиет, тірек кесте, слайдтар, суреттер пайдаланылды, сонымен қатар әдебиет, география, әдеп, музыка пәндерімен байланыстырылды.

I жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, оқушылар және ата-аналар! Қадамдарыңызға гүл бітсін!

II жүргізуші: Ата-ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі қазақ деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата-ана тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті, ең керекті тәрбие.

I жүргізуші: Ананың балаға беретін ең зор сыйы – ана сүті. Ана сүтімен берілетін ең асыл сыйы – ана тілі. Ана сүтін бойға сіңірген, ана тілінің құдіретін түсініп, өз Отанын, өз халқын сүйетін әрбір қазақ халқының ұрпағы өз тілін, дінін құрметтейтін «нағыз қазақ» болып өсуі тиіс.

II жүргізуші: Көптеген ғасырлардың барысында қазақтардың өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасты. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

I жүргізуші: Өнерлі халық – өміршен халық, қазақтың әдет-ғұрыпына, салт-дәстүрлеріне бағытталған «Қазақ халқының әдет-ғұрып мен салт-дәстүрлері» атты сахналық көрінісімізді бастаймыз. Көрініс басында салт-дәстүрлер туралы қысқаша мәлімет тыңдандық.

II жүргізуші: Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл оның мәдениетті

Ардақ тұтып үлкенді,
Ата жолын жалғапты.

2-оқушы:

Ата салтым – асыл мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастыра арманын.
Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім,
Өткенімді бүгінменен жалғадым.

3-оқушы:

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,
Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын.

Қазақ атты үлкен, кіші, балдырған.

4-оқушы:

Жиналыппыз, сәтті күні бәріміз,
Үлкен, кіші, жасымыз, көріміз.
Төрлетіңіз, қадірменді қонақтар,
Гүл-гүл жайнап мына біздің төріміз.

I жүргізуші: Еліміздің бірнеше әдет-ғұрыптарын атап өтсек:

- Қазақтардың қонақжайлылық қасиеті және өзара көмек жөніндегі әдет-ғұрыптары.

- Әдептілік пен сыпайылық әдет-ғұрып.

- Жасы үлкендерге құрмет көрсету.

- Тамырлық және қоныс таңдау әдет-ғұрып.

- Отбасы және неке саласындағы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер.

- Баға беру.

- Бала тәрбиесі.

II жүргізуші: *Салт* – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Қазақтың бірнеше салттарын атап өтсек.

Шілдехана (салт). Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той.

Кіндік кесер (салт). Нәресте туған сәтте оның кіндігін кесуге әйелдер (кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу – мәртебелі, абыройлы іс.

Бесікке салу (салт). Жаңа туған

Қазақ халқында қалыптасқан бірнеше ғұрыптар:

Ат қою (ғұрып). Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кісілерге қойғызып батасын алған.

Айдар (ғұрып). Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп қояды. Бұл ғұрып ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.

Кекіл (ғұрып). Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді.

II жүргізуші: *Дәстүр* – халықтың атадан балаға көшіп, жалғасын тауып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттер көрінісі.

Қазақтың бірнеше дәстүрлерін атап өтсек.

Тыштырма (дәстүр). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тыштыма, тыштыма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.

Базарлық (дәстүр) – алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес, көрші-көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына) әкелген сыйлығы.

Байғазы (дәстүр) – балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай, заттай сый.

Тілашар (дәстүр). Баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар» тойы деп атайды.

Жеті ата (дәстүр). Халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білдіруді міндеттеген. Олай болса жеті ата: Бала, Әке, Ата, Арғы ата, Баба, Түп ата, Тек ата.

Жарылқасын алдыңнан,
Тұсауыңды кеселік,
Кірмеуінді шешелік, - деп сәбидің тұсауын ала жіппен кеседі.

Ана:

Қаз-қаз, балам,
Қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін!

Оқушы:

Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.
Батамен ел көгереді,
Жауынмен жер көгереді, - демекші, баламызға аталарымыз батасын берсін.

Ата:

Жас ұрпақ өнерлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын.
Ата-анаға мейірілі болсын,
Ағайын-туысқа пейілді болсын.
Өнерге, білімге зейінді болсын,
Он саусағы майысқан шебер болсын.
Абыройы өрлесін,
Жаманшылық көрмесін!

I жүргізуші:

Ата дәстүр абырой көтергенде,
О, бұл сөздер сүйектен өтер демде!
Тоқталамыз енді біз, ал халайық,
Қанатты сөз, мақал мен мәтелдерге.

«Сөздің көркі – мақал» деген ұғым бар. Мақалдап сөйлеуге кезек берейік.

- Ассалаумағалейкүм, құрбым. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» деген, сәлем беруге келдім.

- Амансың ба, достым? «Қуыс үйден құр шықпа» деген, тізенді бүгіп дәм ауыз ти.

- «Сыйлап берген су, сатып алған балдан артық» дегендей, жайғассақ жайғасайық.

- «Сыйға сый, сыраға бал» демекші, өткенде өздеріңде риза болып қайттық қой.

- «Аз да бітер, көп те бітер, татулыққа не жетер» демекші, татулық пен

Үздіксіз білім беру кеңістігін қалыптастыру мен оқыту қызметін жоғары тиімділікпен қамтамасыз ету мақсатындағы облыс педагогтерінің шығармашылық әлеуеті мен кәсіби құзыреттілігін көтеру – біліктілікті арттыру институттарының негізгі қызметі.

Қазіргі таңда педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесі білім беру қызметін сапалы түрде, жоспарланған мерзімде, мақсат-міндеттерге сәйкес, мазмұнды да инновациялық әрі шығармашылық тұрғыда атқаруды көздейді.

Қысқамерзімді курстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген білім беру бағдарламалары негізінде, жаңартылған бағдарлама курс-

дайындау жұмысынан көруге болады.

Ізденушілікті дамыту мақсатында халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция; облыстық деңгейде педагогтармен курс кезіндегі және курстан кейінгі байланысты нығайту үшін оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңы, Шебер-класс көрсетілімі, кәсіби шеберлікті шыңдайтын байқау және тренингтер мен басқа да жұмыс түрлері өткізілді.

Институттың редакция-баспа бөлімімен екі республикалық: «Әдіскер жаршысы» және «Педагогикалық даму» журналдары (тоқсанына бір рет) шығарылады. ҚР БЖҒМ баспасындағы және импакт-факторлы журналдардағы

дамуы үшін барлық жағдайдар жасалынды: оқу-материалдық база сапалы, профессорлық-оқытушылық құрам тұрақты да шығармашыл; психологиялық-педагогикалық ахуал сақталған және тыңдармандардың ішкі мотивациясы жоғары. Үшіншіден, біліктілікті арттыру курстары педагогтар қызметінің сапасына оң ықпалын тигізді; мұғалімдердің 85,5 пайызы шығармашылық тұрғыда дамығанын және қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы курс жаңашылдығын тыңдармандардың 100 пайызы белгілеп көрсетті.

Өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы облыс педагогтерінің және институт қызметкерлерінің белсенділігі байқалды. Қосымша ақылы қызмет

Бәрі де тәрбиеге байланысты

Бүгінгі жаһандану жайлап бара жатқан қоғамда адамдар кез-келген жағдайға дайын, өзіндік пікірі қалыптасқан, проблемалық ерекеттен жол таба білетін тұлға болуы керек. Осы тұрғыда білім берудегі негізгі мақсат әрбір оқушыға өзіндік қабілетіне қарай бабын таба оқыта білу мен жеке-дара көмек көрсету болып табылады. Жеке қабілеттің дамуы әр оқушының тұлғалық қалыптасуына әсер етеді.

Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жан-жақты жағдайлар жасау қажет деп ойлаймын. Әрбір талантты адам еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Сонымен дарынды, қабілетті, талантты бала деп баланың, ата-ананың, мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады. Мектептің мақсаты – жан-жақты білімді, іскер, өзіндік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлға қалыптастыру, балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

Уақыттың өзі мектеп ұстаздарына өскелең ұрпаққа жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухында білім беріп тәрбиелеуге, өмірде осы алған білімі мен тәрбиесін лайықты пайдалану сияқты жауапты міндеттер жүктеп отыр. Бұл міндеттерді абыроймен орындау үшін ұстаздар қауымы оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану керек екені анық.

Жалпы өз іс-тәжірибемде инновациялық технологияларды, ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ұмтыламын. Әр сабақта жекелей тапсырмалар орындату арқылы сөз сырын ұғынуға, өзіне лайықты сөз саптай алуға машықтандырып отырамын. Ақындар айтысы, мәнерлеп оқу сайыстарына, пәндік олимпиадаларға, қашықтықтан өтетін интеллектуалдық сайыстарға баланы дайындау дарындылықты дамыта түседі. Дарынды оқушымен жұмыс жасау барысында оқыту сипатын мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау қажет. Дарынды оқушының алдына нақты бір мақсат қою арқылы оның берілген тапсырмаға деген қызығушылығын оятуға болады. Аталмыш

жауаптарын алды.

«Бүгінгі патриоттық шара мен үшін ерекше әсер қалдырды. Шараны ұйымдастырушы жастар орталығына рахметімді білдіремін. Мен мемлекеттік қызмет саласына енді ғана аяқ бастым. Сұлтан ағамыз сияқты қажырлы қызмет жасауды мақсат етіп отырмын», - дейді жас маман Гүлай Оразалиева.

Алдаш ШОҢАЙ.
Маңғыстау облысы.

жұмыстар мұғалімге инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен дамытумен қатар білім беру үрдісіне жаңа тұрпат ендіруіне көмегін тигізеді. Осы тұрғыда жаңашыл идеяны ұстанған педагог оқушының жеке тұлғалық қасиетін барынша құрметтеп, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін дамытады.

Баланың жанына жақын дарындылықты дәл тауып, соны жандандыруға жұмыс жасалынғанды ғана жұмыс өз нәтижесін табады. Өз шәкірттерім жайлы айтатын болсам, мектебіміздің түлектері Абылайхан Айдынов және Хадиса Нұрбекова талай бас жүлдені қанжығасына салған озағтар. Атап айтқанда, облыстық байқауларда, «Абай оқулары», «Қайрат Рұсқұлбеков оқулары», қалалық айттыстарда, ақындар мүшәйрасында бас жүлделерге ие болған. Бүгінгі таңда Дильназ Маратова, Дильназ Талғатова, Атымтай Қайратұлы, Сымбат Иманғалиев, Расул Сарсебаев сияқты дарындылармен етене жұмыс жасалып, сол жұмыстың жемісін көріп жатырмыз. Олар аға-әпкелерінің жолын жалғап, түрлі сайыстарда көзге түсіп жүр.

Бұл оқушылар өз дарынды қабілеттерін дамыта білетін оқушылар. Адам өмірге өзіндік қасиеттері мен қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – тәрбие мен оқыту. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оның толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойында ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер» сияқты болып қалып қоюы мүмкін. Сондықтан мектебіміздің оқушыларына дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, тәлім-тәрбие беру мектеп ұжымының басты міндеті деп санаймын.

Ел боламын деген мемлекет ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қояды. Біз – бала тәрбиесіне аса көңіл бөлген халықпыз. Тілдің дамуы да, ұлттық руханық құндылықтардың баланың бойына сіңірілуі де – тәрбиемен келеді.

Бүгінгі білім беру саласында тәрбие мен білімді әр қырынан дамыта отырып оқыту және білім алушыны интеллектуалды түрде дамыту жолдары негізге алынады. Сол себепті де дарынды оқушылармен жұмыс жасай отырып, танымдық біліктілікті арттырумен қатар өзіндік ізденімпаздыққа баулиды. Баланың өзіндік көзқарасының қалыптасуына әсер етіп, білімді де тәрбиелі болып шығуына зор әсерін тигізеді. Ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Қымбат УСАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы.

Инновациялық қызмет

тары қазіргі білім беру мақсаттарын орындаудағы «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» тәжірибесін тарату аясында, деңгейлік курстар (үшінші базалық деңгей) Кембридж университетімен біріге отырып «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесі бойынша білім берудің жаңартылған мазмұны идеяларын жүзеге асыру мәнмәтінінде, өзін-өзі тану үш айлық курстары «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы бекіткен «Сабақ үстіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар» тақырыбында ұйымдастырылып, өткізілуде.

Фиалидың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметі Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасының жаңа басым бағыттарына және бағалаудың рейтингтік жүйесіне сәйкес жүргізілді.

2016 жылдан бастап қысқамерзімді курстарды М. М. Жанпейсованың модульдік интербелсенді оқыту технологиясы бойынша жоспарлап, өткізу қолға алынды: оқу модульдері, оқу сабақтары, тақырып бойынша семинарлар дайындалды. Профессорлық-оқытушылық құрамның білім және ғылыми-зерттеушілік қызметін дамыту бойынша белсенділігін республикалық, облыстық бұқаралық-ақпараттық құралдарға жарияланымдар мен ғылыми мақалалар, басылымдар

ғылыми мақалалар саны да осы жылы арта түсті.

Институт қызметкерлері жергілікті «Қазақстан-Ақтөбе», «Рика ТВ» телеарналарында үнемі ғылыми-әдістемелік және ақпараттық тұрғыдағы сұхбаттар мен пікірлерді жарыққа шығарып отырды.

Қысқамерзімді, жаңартылған, дейгейлік курстардан біліктілігін арттырған педагогтермен кері байланыс міндетті түрде жүзеге асырылды. Институт сайтына қайта жаңғырту мен жаңарту бойынша белсенді жұмыс атқарылып, педагогтер өздеріне қажетті толық мағлұматтар алып отырды, сонымен қатар сайтты үштілде жүргізу эксперименттелуде. Сайтта дауыс беру жолымен алғаш рет өткізілетін «Мұғалім – оқушы сүйіспеншілігімен» интернет-байқауы жарияланды.

Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының қызметі мониторингтік зерттеу нәтижелерімен нақтыланды: біріншіден, көшбасшылық және оқыту мен оқу үдерісін басқару, қысқамерзімді, ортамерзімді жоспарлар, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, өзіндік және жұптық оқуды дамыту, жеке, жұптық, топтық, бірлескен жұмыс түрлерін кеңінен қолдану, қалыптастырушы бағалаудың түрлі техникаларын пайдалану кері байланыс сапасын арттыра түсті. Екіншіден, институтта педагогтердің өзіндік

өз деңгейінде өтіп, ұйымдастыру-әдістемелік еңбек аудандық, қалалық білім бөлімдерінің сұраныстарын қанағаттандырды.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру сұрақтары бойынша білім беруді одан әрі дамыту мақсатымен халықаралық байланыс нығая түсті, отандық тәжірибе озық мемлекеттердің тәжірибесімен жалғасын тапты.

2016 жылдың қорытындысы бойынша институт қызметкерлеріне «Үздік кафедра», «Үздік оқытушы-тренер», «Үздік лектор», «Үздік оқу-әдістемелік кешен», «Үздік білім беру бағдарламасы», «Үздік тренер», «Үздік топ жетекшісі», «Үздік бөлім» және тағы басқа номинациялары берілді.

Осылайша, «Өрлеу» БАҰО» АҚ Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының инновациялық қызметі қазіргі талаптарға сай облыс педагогтарының біліктілігін арттыруға және білім мен ғылымды одан әрі дамытуға бағытталуда.

Қулайм РАХАТОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының бөлім басшысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

Ақтөбе облысы.

Шарада белсенді жастар Сұлтан ағаға өміріне және еңбек жолына қатысты сауалдарын қойып, нақты

саласында ерен еңбек етті. Бұл күнде ардагердің қолынан үш кітап жарық көрді.

Ардақты ағамен өткен кездесуді орталық басшысы А.Қонарбаев жүргізіп отырды. Белгілі еңбек ардагерімен кездесуге ауданның белсенді жастарымен бірге жас мемлекеттік қызметкерлер жиналды.

Сұлтан Жұбаев 1943 жылы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұшыбек ауылында дүниеге келген. Мектеп жасынан бері есеп-

Ұрпақтар сабақтастығы

Еңбек ардагерімен кездесу

Маңғыстау аудандық Жастар орталығында аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен қолға алынған «Ұлы даланың ұрпағы» атты жобасы аясында патриоттық кездесу болып өтті.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Қаржы саласының құрметті қызметкері, еңбек ардагері, Маңғыстау ауданының Құрметті азаматы Сұлтан Жұбаев келді. Сұлтан аға 30 жылдан астам мемлекеттік қызметте, оның ішінде қаржы

• Жас қалам



Асқар – ойы ұшқыр, білімімен алға озатын үздік шәкірт. Ой-өрісі, дүниетанымы кең. Жаңалыққа жаны құмар, еңбекқор, іздеппаз тұлға. Асқар музыка тыңдап, би билеуді ұнатады. Сыныпта өтетін тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктерде белсен-

**Асқар ЖҰМАБЕКОВ,
4-сынып оқушысы.**

ділік көрсетеді. Ол үнемі кітапханаға барып, өз білімін көтеруді әдетке айналдырған. Асқардың тырнақалды шағын әңгімелері мен өлеңдерін достары қызыға тыңдайды.

Республикалық балаларға арналған танымдық «Балаби» журналы жариялаған Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Менің атам ардагер» конкурсына сынып оқушыларымен бірге Асқар да қызығушылықпен қатысып, жеңімпаз болуға өз үлесін қосты. Асқар мектеп кітапханасының тұрақты оқырманы болғандықтан өзінің «Мамандығы - мақтанышы» атты шағын мақаласын мектептің кітапхана меңгерушісі – Гүлжанар Тобықбаеваға арнапты.

Мамандығы – мақтанышы

Құндылықтың бастауы – кітап. Осы кітапқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыратын ұстаз бен ата-ана болса, нені қалай оқып, көңілге тоқу керектігін байыппен ұқтырып, жол сілтеуші – кітапханашы. «Кітап әлемін» жандандыру, жедел ақпарат тасасында қалдырмау бүгінгі кітапханашыларға жүктелетін міндет. Жазушы Шерхан Мұртазаның «Егер адамның жүрегіне мұз қатып қалса, көркем кітап оқып жібітуге тиіс, егер еріте алмаса – ол осал шығарма», - деген сөзі кітаптың адам өміріндегі маңыздылығын айғақтаса керек.

Оқысам, білсем деген халыққа қалтқысыз қызмет ететін кітапханашы болу парасатты жанға лайықты кәсіп. Бұл кәсіпті кез келген адам таңдай алмайды. Бұл мамандықты кітапты сүйетін, ақын-жазушыларды құрмет тұтатын адам қалап, сүйіп таңдайды. Біздің мектеп кітапханасында өз саласына жастайынан үлкен арман-мақсатпен келген, қазірде тәжірибелі кітапханашы Гүлжанар Мұратбекқызы қызмет етеді. Кітапхана есігі бір жабылмайды, толассыз келіп жататын оқушылар мен ұстаздар қауымымен қатар техникалық қызметшілер де кітапхананың тұрақты оқырмандарына айналған. Кітапхана іші таза, жарық. Аса талғампаздықпен өсірілген бөлме гүлдері де ерекше сән беріп тұр. Әр кітап, әр журнал, электронды оқулықтар рет-ретімен өз орындарында. Кітапханашы Гүлжанар мен Динара апайлар күлімдеп қарсы алып, қажет дүниенді тауып беріп, нені қайдан іздеу керектігіне нұсқау жасап, бағыт береді. Біздің мектептің қос кітапханашысы осы мамандықты сүйіп таңдап, адал қызмет етіп жүргендеріне қуанышты екендіктерін жүздерінен байқаймыз. Біздің сыныптың оқушылары да алған газет-журнал, кітаптарымызды сол қалпында бүлдірмей, кірлетпей, жыртып өткізуге тырысамыз. Бізге әсіресе «Алматыкітап», «Атамұра», «Жазушы», «Аруна» баспаларынан шығып жатқан кітаптар ұнайды. Кітаптың сапасы, үлгі болар құнды материалдар жан дүниеге жылу беріп, білімінді шыңдайды, ақылына ақыл, санана нұр құяды. Кітапханашылармен бірігіп біздің сынып оқушылары көптеген ертеңгіліктер, тәрбие сағаттарын, халықаралық кітап мерекелерін өткізіп келеміз. Мұзафар Әлімбаев, Қадір Мырза Әли, Өтебай Тұрманжанов шығармашылығына арналған ертеңгіліктеріміздің тәрбиелік мәні зор болды. «Арулар отты жылдарда», «Тұңғыры биік тұлға», «Мұқағали – қазақ поэзиясының хан тәңірі», «Менің Қазақстаным» атты тәрбие сағаттарымыз да оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, поэзия мен прозаға деген қызығушылығымыз арта түсті.

Достарыма айтарым, білім-ғылымға құмарлық-болашақтың жарқын белесі, рухани болмысымызды жұтатпай, әдеби кітап оқи жүріңіздер дегім келеді.

Асқар ЖҰМАБЕКОВ.

Лимара АЙТПАЕВА,
Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназияның бастауыш сынып мұғалімі.



Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы.

Құттықтаймыз!

«ОҚО білім саласының ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі аталмыш бірлестік төрағасының орынбасары, облыстағы білім саласының және еңбек ардагері, ақын, журналист **АЙДАРБЕК ТАШТАНОВТЫ** туған күнімен құттықтайды! Деніне саулық, шығармашылық жұмыстарына табыстар тілейміз!

«ОҚО білім саласының ардагерлер кеңесінің» ұжымы.

АЙДАРБЕК АТАМА АРНАУ

Ескірмейді, өлеңдер, өшпейді де, Уақыт жылжып, замандар

Дүниеге тұлғалар келген сайын, Қазағымның мерейі өспейді ме!?

Ақиқаттан басқаға жүгінбеген, Жете білген мақсатқа білімменен. Айдарбектей атама арнау жазып, Жылытайын жүрегін жырымменен.

Кеудесінде жыр тұлпары Білім менен өнер іздеп талпынған.



Өнеге алып Сіз секілді атадан, Болып жүр ғой біразы оның нар тұлға....

Мен пендемін жасынан жыр тыңдаған, Кеудесінде намыс бар, жыртылмаған.

Өзіңіздей тұлғалардан үлгі алсам, Түк етпейді өмірдің қырты маған... **Базарбек БЕКЖАН,** жас ақын.

Біздің колледжде

Жастармен кездесті

Шетпе селосындағы Маңғыстау техникалық колледжінде Алматы қаласында өткен Халықаралық 28 универсиада құрметіне орай Жастар орталығының ұйымдастыруымен жастар флэшмобы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – халық бірлігін күшейту, Универсиадаға Қазақстан атынан қатысқан спортшы жастарға қолдау таныту, Елбасының бейбіт және тату өмір сүру саясатын қоғамда нығайту, «Қазақстан – 2050» стратегиясында көрсетілген мақсаттарға жету, Қазақстан 2020 жылға дейін Қазақстан Жастар саясатының тұжырымдамасын дамыту, «Бір ел – бір тағдыр» мемлекеттік саясатының негізге алатын принциптерін іске асыру.

Жиынға аудандағы мекеме басшылары мен ҰЕҰ мен белсенді жастар, жасотандықтар қатысты. Аталған мерекеге орай ауданның басқа да ауыл-аймақтарында мәдени және спорттық іс-шаралар өткізілді. Ардагерлер жастармен кездесті, одан бөлек аудандық кітапханаларда конференциялар,

Мәдениет үйлерінде Универсиада туралы фото көрмелер өткізілді.

Мейрамгүл ЖҰМАХАНОВА,
Жастар орталығы маманы.

Марапатталды

Алматыдағы Универсиадаға қатысқан қазақстандық студенттерді қолдау мақсатында орайластырылған спорттық шара аясында Маңғыстау техникалық колледжінде волейбол ойындарынан жарыс өткізілді. Жарысты Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы мен аудандық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен колледждегі студент жастар мен жастар ко-

митеті мүшелерінің қатысуымен өтті.

Шараға колледж студенттері арасынан 5 команда қатысты.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуге ыңғайлы бұқаралық спорттың бұл түріне жастар белсенділігі алабөтен болды. Жарыс болған соң жеңісте, жеңіліс те болатыны анық. Ойын командалық есеп бойынша ұйымдастырылды. Қызу да тартысты өткен турнирде 1-орынды 2-курс студенттерінен құралған «Жігер» командасы,

2-орынды 3-курс студенттерінің «Сұңқар» командасы алса, жүлделі 3-орын «ТОРА 16» командасына бұйырды. Ал «Үздік ойыншы» атағын Еркінбек Сайлаубаев пен Саясат Есібаев иеленді. Аталған ойыншылар мен барлық қатысушылар ұйымдастырушылар атынан Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аллаберген ҚОНАРБАЕВ.
Маңғыстау облысы.

«Қазақстан мұғалімі» газетінің ұжымы әріптесіміз Миятбек Шәмшібековке ағасы **Орынбасар ШӘМШІБЕКҰЛЫНЫҢ** кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі: «Қазақстан мұғалімі» ЖШС

Бас редактор
Мынажадин **СЕРМАҒАМБЕТОВ**
Тілші
Гүлжанат **ИХСАНОВА**
Беттеуші
Айнұр **ЖАШИБАЕВА**

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050052, Алматы қаласы, Садовый бульвар көшесі, 1А (Жандосов және Яссауи көшелерінің қиылысы).
ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор: 8 (727) 293-61-59.
Бөлім: 8 (727) 293-61-43, 8 (727) 390-06-33.
Моб.: 8 705 776 24 86
E-mail: kazmugalimi@mail.ru. Сайт: kazmugalimi.kz
Газет «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үй.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №150 куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетті жарияланған материалдарды редакцияның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді. Жарнама мәтінінің мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет материалдары «Қазақстан мұғалімінің» компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі. Газет индексі 65354. Таралымы 1000. Тапсырыс 223. М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10